

**"Қазақстан ипотекалық компаниясы" ипотекалық үйымы" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 мамырдағы № 537 қаулысы

**БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ**

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 249-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және «Мемлекеттік мұлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 114-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ипотекалық үйымы» акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакеті орналастырылған акциялардың жалпы санының 26,11926 %-ы мөлшерінде «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігімен, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру үшін қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан*

*Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*K. Мәсімов*